

Екібастұз қаласының аумағындағы мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін белгілеу туралы

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 789/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 тамызда № 4643 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Заңының 48-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы "Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін бекіту туралы" № 178 бұйрығына сәйкес, әлеуметтік көмек көрсету және спорттық инфрақұрылымға қол жеткізу мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Екібастұз қаласының аумағындағы мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

А. Вербняк

Екібастұз қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "10" шілдедегі
№ 789/7 қаулысына
қосымша

Екібастұз қаласының аумағындағы мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру тегін немесе жеңілдік шарттармен дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшері

№	
---	--

п/п	Азаматтар санаты	Жеңілдіктер мөлшері
1.	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2.	Көп балалы отбасыларына оқушы – балалар	Тегін
3.	Балалар үйлерінен оқушы – балалар	Тегін
4.	Спорт ардагерлері	Тегін
5.	Оқушылар	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құпынан 50% мөлшердегі жеңілдік
6.	Студенттер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құпынан 50% мөлшердегі жеңілдік
7.	Зейнеткерлер	Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құпынан 50% мөлшердегі жеңілдік

Ескертпе: Осы тізбе мемлекеттік дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарына қолданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ